



#QAZAQSTAN

Ұлт ұстазы






Ахмет Байтұрсынұлы – тілі мен ұлты үшін жанын қиған ұлы ұстаз. Ол қазақ тілін сақтау арқылы ұлттың болашағын сақтаудың жолын көрсетті. Тілін қадірлеген адам – елін сүйеді, ал білімге ұмтылған ұрпақ – ұлттың ең үлкен байлығы.








Балам, Ахмет Байтұрсынұлын
қазақ халқы «Ұлт ұстазы» деп
атайтынын білесің бе?



Жоқ, ата, мен білмеймін.





Бұрын жерімізде
мектептер болмаған
уақытта, Ахмет қазақ
балаларының білім алуы
үшін көп еңбек етті.





Ахмет - өте білімді адам.
Ол - тұңғыш қазақ әліпбиін жасаған тұлға.






Оны қазақ Эйнштейні деп те атайды, себебі ол журналист, тілші, этнограф, фольклоршы, мәдениеттанушы, демограф, педагог, географ және агроном да болған.







Ұлы ғалым Ахмет Байтұрсынұлы қарапайым ауылдан шыққан және білімге деген алғашқы қадамын ауылдан бастаған.






Алғашында ол ауыл молдаларынан хат таныған.






1 – қыркүйек



Оқуды бітірген соң 1909 жылға дейін
Ахмет Байтұрсынұлы Қостанай, Қарағанды
және Ақтөбе мектептерінде мұғалім болып
қызмет етті.

Мұғалімдік қызметімен
қатар, Ахмет өз елінің
патриоты болды,
халқының болашағы үшін
алаңдады.



1905 жылы ел мүддесі
мен болашағын ойлап,
әйгілі Қарқаралы
петициясын жазды.



ПЕТИЦИЯ






Алайда дұшпандары
Ахметке негізсіз жала
жауып, ол қамауға алынды.




Өмірдегі қиыншылықтарға қарамастан,
қазақ халқының болашағын ойлаған Ахмет кітап,
ғылыми еңбектер жазуды тоқтатпады.









«Балалар! Оқуға бар! Жатпа қарап!
Жуынып, киініңдер шапшаңырақ!
Шақырды тауық мана әлдеқашан,
Қарап тұр терезеден күн жылтырап.

Адам да, ұшқан құс та, жүрген аң да,
Жұмыссыз тек тұрған жоқ ешбір жан да:
Кішкене қоңыз да жүр жүгін сүйреп,
Барады аралар да ұшып балға»



Бұл Ахмет Байтұрсынұлының
барлық балаларға арнап жазған
өлеңі - «Оқуға шақыру».









Түсіндім, ата! Енді мен Ахмет Байтұрсынұлы сияқты ұлы ғалым болып, өз елімнің игілігі үшін ғылыми жаңалықтар ашқым келеді.



Жарайсың, балам!





БІЗДІҢ КОМИКСТЕРДІҢ БАСҚА СЕРИЯЛАРЫН ДА КӨРІҢІЗ



instagram



web-site

Алматы облысы Дін істері
басқармасының тапсырысы аясында әзірленді